

Салтанат Атабек

Әжсе шуағы





Досмуратова Куләш Әбдіраманқызы

Мектепке дейінгі педагогика және психология мұғалімі, методисті. «Үздік балабақша меңгерушісі» медалінің иегері.

Балалар әлемінің жаршысы

Сен әлемді жаулап алма, өйткені онда сансыз қайғы – қасірет бар, одан да өзіңнің жан – дүниенді меңгер.



Ол жерде қаншама ғажайып әлем бар екенін көресің.
Мұхамед Хайдар Дулати.

Көк - байы, жер - қатыны,
Көктен жаудырсын, жерден өндірсін.

Бабалар пәлсафасынан

Ой деген қандай ұшқыр. Оқ жетпес қыран құстай жеті қат көкке қаншалықты самғаса, соншалықты сөзге айналып топшысынан қиылған лашын құстай алақанға қонады екен


де, әлемдік жаратылыс сырын паш етеді екен. «Жалғыздық бір аллаға ғана тән қасиет». Жаратқан алланың әлемдік, яғни тірі табиғат тіршілігінде « Көк текті ер мен жер текті әйелдің» үйлесімінен «Қазақ отбасын» көресің, мойындайсың, сезінесің. Отан - Отбасынан басталады. Отанның іргесін бекітіп, қабырғасын тұрғызатын сан мыңдаған отбасы мүшелері – Қазақ ұлтының, қазақ қоғамының тамыры. Жер ананың



куат күші тамыр арқылы беріліп жер бетін жасыл өскін мен желекке бөлейтінін түйсінеміз, түзу өсетін өскін мен жасыл желегімізді мәпелеп күтіп баптаймыз, бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, мейірім шапағатымызды төгіп үміт күтеміз, сенім артамыз. Үкілеген осы армандар мен мақсаттарға толы әрекетіміздің қаймағы бұзылмаған, бүгінгі таңдағы ақ ордасы бөбекжай балабақшалары десек қателеспейміз.



Куләш өмірсерігі Болатпен тату-тәтті, демалыс кезінде




«Заманына қарай амалы» - ата – ана бауырынан шыққан жас балалар бөбекжайлар мен балабақшаларда тәрбиеленіп үлкен өмірге аяқ басатын ұрпағымыздың алғашқы буын баспалдағы, яғни бүкіл өмір бастауының тұғыры. Айтуға жеңіл болғанымен жүгі ауыр, сұрағы көп жауапкершілік.

«Әр істің өз шебері бар» деген. Қалаға белгілі байырғы «Әлия» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі, осындай аса жауапты міндетін мүлтіксіз орындауға атсалысып, білікті басшы дәрежесіндегі Досмұратова Күләш Әбжалиқызы 1962 ж. 29 қаңтарда өмірге келген. 1979 – 1982жж. Түркістан қаласындағы педагогикалық училищесінің Мектепке дейінгі тәрбие бөлімін бітірген.

1985 – 1990жж. Талдықорған педагогикалық институтының Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие бөлімін бітірген. Күләштің өзі де балалы отбасының перзенті. Жаратылысынан ақ көңіл бала мінезді ақжарқын жан. Жүрек қалауымен, көңілі сүйіп таңдаған мамандығы бойынша қызмет етуден жалыққан емес. **«Қалауым баланың сыңғырлаған күміс күлкісі» дейді тәжірибелі басшы. Қардай аппақ кіршіксіз көңілі мен бейкүнә сәби жүзі қандай тонды болса да ерітіп жіберетін тылсым дүниенің бір бөлшегіндей көрінеді көзіме, былдыраған бал шырын тілін айтсай» деп тамсана сипаттай жөнелгендегі шаттық нұрына бөленген түріне қызыға қарап, әрбір мамандықтың өз құдіреті барына шын сендім.**

1982 жылы орта арнаулы білімімен қаладағы №13 «Алмагүл» балабақшасында алғашқы еңбек жолын тәрбиешілік жұмыстан бастайды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін тәрбиеші Күләш Алмагүлде еңбек ете жүріп білімін жетілдіріп, жоғарғы білім алуды мақсат етеді. Өзінің жаңашылдығымен, бастамашыл ой ұшқырлығымен ерекшеленіп қала көлемінде әдістемелік семинарлар мен



іс – шаралар өткізіп танымал тәжірибелі тәрбиеші қатарына көтеріліп, үлкен жетістіктерге жетеді. 1990жылы «Бауыржан» балабақшасына әдіскер болып тағайындалады 2003 – 2019 жылдар аралығында «Таңшолпан», «Әлия» бөбекжай балабақшаларының меңгерушісі қызметін атқаруда. Қызмет еткен жылдарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай басшылық пен басқару, оқыту және білім беру жүйесін жетілдіруге зор үлес қосып, өз іс тәжірибесін насихаттап таратуда еселі еңбек етіп келеді.

2014ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды заманауи технологиямен үйлестіру» тақырыбында аймақтық семинар өткізіп тәжірибесі таратылды. Украинаның Ольштын қаласында өткізілген Халықаралық ғылыми практикалық конференцияда «Магия кукольного театра» атты мақаласы Украинаның жинақ кітапшасына енеді.

2014ж. Шымкент қаласында «Өзін – өзі тану» пәні мен басқа оқу пәндерінің мазмұны мен әдістерін интеграциялау жолдары, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» ғылыми практикалық конференциядағы ұсынған мақаласы кітапшаға еніп, сертификат алады. Осы жылы Мәскеу қаласындағы II – Халықаралық ғылыми конференциясында «Образование XXI века – основа формирования интеллектуального капитала нации» тақырыбындағы кітапшаға мақаласы еніп, сертификатын алады.

«Қуыршақ» театрының жұмысын іске қосады. Украина және Мәскеу қаласында өткен байқауда жоғары деңгейде аталып өтеді.

2015ж. «Маман даярлауда мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіптік шеберліктерін дамыту, әлеуметтік ортаға бейімдеу» облыстық семинарында оқыған



баяндамасы бағаланып Арнаулы кәсіптік колледжінің алғыс хатымен марапатталады.

Астана қаласы «Нұрсұлтан» әдістемелік кеңес беру орталығының «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында инновациялық әдіс – тәсілдерді жүзеге асыру жолдары» -атты тренинг семинарға қатысып алғыс хатын алады. Сондай – ақ ұзақ жылдардағы елеулі еңбегі үшін Қалалық білім беру бөлімінің, қала әкімдігінің, «Нұр Отан» ХДП ОҚО филиалының мақтау қағаздары мен алғыс хаттарын алады.

2016 ж. ҚР Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы» ОҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 70 жылдық мерейтойына орай жоғары жетістіктері және педагогикалық инновациялардың дамуына елеулі үлес қосқаны үшін алғыс хатпен марапатталады.

2016 ж, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған.

2018 ж. Қаланың өміріндегі қоғамдық ұйымдардың жастарды тәрбиелеу барысындағы жұмыстарына, білім саласына сіңірген еңбегі үшін ОҚО ардагерлер кеңесінің ұсынысымен Қазақстанның педагогикалық академиясының « Бірінші дәрежелі білікті басшы» төсбелгісімен марапатталады.

2018 жылы «Сықырлы әлем» балалар журналының «Үздік балабақша меңгерушісі» төсбелгісімен марапатталған. Еліне еселі еңбегімен үлес қосқан, жас ұрпақ тәрбиесінің қайнаған ортасында өзіндік орыны бар Күләш Әбжәлиқызы өмірлік жары « Қазақстан қағазы» АҚ қызметкері Досмұратов Болатпен тату - тәтті ғұмыр кешіп, 2 қызғалдақ қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Сүйікті немересінің әжесі. Саналы ғұмырын мектеп



жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп, білімнің алғашқы әліпбиін үйретуге арнаған Күләштің үлкен қызы Райхан да анасының жолымен, «Ертөстік» балабақшасында тәрбиеші, ал екінші қызы Сандуғашы Алматы энергетика университетінің студенті. Таңғажайып балалар әлемінің инженері, майталман маман, **осы салаға 37 жыл өмірін арнаған Күләш әжемізге балдай тәтті пәк бала сезім, мөлдір қуаныш, жемісті жетістіктер мен тұнық орта, баянды БАҚЫТ тілейік!**

